

Түлкібас ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімінің 2011 жылғы 20 қыркүйектегі № 562 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 3 қазанда № 14-14-157 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 639 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 05.11.2014 № 639 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына және 9-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Түлкібас ауданындағы меншік нысанына қарамастан жұмыс берушілеріне бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота, жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.П р а л и е в к е жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Қ.Абдуалиев